




Білім беру процесінің ашық көрсетілімдері

Тақырыбы: «Сенсорлы мұнара»

Психолог: Табылды Ә.

2024-2025 оқу жылы

Арнайы білімді қажет ететін балаларға арналған
Білім беру процессінің ашық көрсетілімі

СЕНСОРЛЫҚ БӨЛМЕДЕГІ ТҮЗЕТЕ-ДАМУ ҚЫЗМЕТІ

Тақырыбы: «Сенсорлы мұнара»

Жауапты: Педагог-психолог Табылды Әмина

Тобы: «Қадам», «Жарқын» топтары

Өткен күні: 13 қаңтар 2025жыл

Құрал-жабдық:

- Сенсорлық жарық жаңбыры (сенсорный световой дождь), сенсорлы мұнара;
- Сенсорлық бөлме;
- Баяу релаксациялық әуен;
- Түрлі түсті карточкалар;
- Жұмсақ төсеніштер.

Мақсаты: Сенсорлық жарық жаңбыры арқылы көру қабылдауын, зейінді, эмоционалдык реттеуді және сенсорлық тәжірибені дамыту. Сенсорлық колонка мен сенсорлық мұнараны пайдалану арқылы балалардың танымдық белсенділігін, тыныштану, бақылау және шоғырлану дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

Білімділік:

- Түстерді тануға үйрету;
- Сенсорлық жабдықтардың қызметімен таныстыру.

Дамытушылық:

- Көру зейінін дамыту;
- Бақылау дағдыларын жетілдіру;
- Танымдық қызығушылықты арттыру.

Тәрбиелік:

- Сабырлыққа тәрбиелеу;
- Топпен жұмыс жасауға үйрету.

Құрал-жабдықтар:

- Сенсорлық колонка;
- Сенсорлық мұнара;
- Түрлі түсті шарлар;
- Баяу музыка.

Сабақ барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі

Психолог:

— Бүгін біз ғажайып мұнаралар әлеміне саяхат жасаймыз.

Балалар шеңберге жиналады.

II. Негізгі бөлім

1. «Көпіршіктерді бақылаймыз»

Балалар сенсорлық колонкаға назар аударады.

Психолог:

— Көпіршіктер қалай қозғалады?
— Қандай түстер көріп тұрсындар?
Балалар бақылап жауап береді.

2. «Түстер әлемі»

Психолог түсті атайды.

Балалар колонкадан немесе мұнарадан сол түсті көрсетеді.

3. «Көзбен қадағала»

Балалар көпіршіктердің қозғалысын көзбен бақылайды.

Мақсат:

Көру зейінін дамыту.

4. «Тыныштық минуты»

Балалар жұмсақ орындықтарға отырады.

Баяу әуен қосылады.

Психолог:

— Терең дем аламыз.

— Демімізді баяу шығарамыз.

Релаксациялық жаттығулар жүргізіледі.

5. «Жарыққа қол соз»

Балалар жарық талшықтарын ұстайды.

Тапсырмалар:

- Бір қолмен ұста;
- Екі қолмен ұста;
- Жоғары көтер;
- Төмен түсір.

Психолог балалардың қимылдарын мадақтап отырады.

6. «Жарық жолымен жүрейік»

Балалар жарық жаңбырының арасымен баяу жүреді.

Психолог:

— Біз жарық тамшыларының арасымен серуендеп келеміз.

Жаттығу кеңістікте бағдарлануды дамытуға бағытталған.

7. Релаксациялық жаттығу

Балалар жұмсақ төсенішке жайғасады.

Баяу әуен қосылады.

Психолог:

— Көзімізді жұмамыз.

— Жарық тамшылары жайлап жауып тұр.

— Терең тыныс аламыз.

— Ақырын дем шығарамыз.

III. Қорытынды

Сұрақтар:

- Қандай түстер көрдіңдер?
- Көпіршіктер ұнады ма?
- Қай тапсырма қызықты болды?

Балаларды мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

- Зейінін шоғырландырады;
- Түстерді ажыратады;
- Сенсорлық қабылдауы дамиды;
- Эмоционалдық тұрақтылығы артады.